

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ЖАУАПТЫ ТҮЛҒАНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру:
 - Ұйымда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету;
 - Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ішкі саясатты жүзеге асыру;
 - Үгіттеу түрінде сыбайлас жемқорлыққа түсініктеме жұмыстарын жүргізу;
 - Арнайы ақпараттық материалдарды тарату, стендтер мен көрнекіліктерді орнату.
2. Ішкі нормативтік құжаттар мен рәсімдерді бақылау:
 - Ұйым ішінде ішкі құжаттардың, бұйрықтардың, шешімдердің заң талаптарына сәйкестігін бақылау;
 - Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және оларды азайту бойынша ұсыныстар енгізу;
 - Ұйым қызметінде ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету.
3. Қызметкерлерге кеңес беру және оқыту:
 - Ұйым қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамамен таныстыру;
 - Арнайы нұсқаулықтар, семинарлар, түсіндіру жұмыстарын өткізу;
 - Қызметкерлерге туындаған мәселелер бойынша кеңес беру.
4. Құпиялылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету:
 - Сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша келіп түскен ақпараттардың құпиялылығын сақтау;
 - Сенім жәшігі немесе анонимді байланыс арналарының жұмысын ұйымдастыру;
 - Қызметтік тексеріс барысында алынған деректердің нақтылығын сақтау.
5. Сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда әрекет ету:
 - Сыбайлас жемқорлық белгілері анықталған жағдайда ұйым басшылығына және құқық қорғау органдарына хабарлау;
 - Ішкі қызметтік тергеуді бастауға бастамашы болу;
 - Сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша анықталған материалдарды тіркеу және сақтау.
6. Жауапкершілік:
 - Осы міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.
 - Өз құзыреті шегінде шешім қабылдауға және есеп беруге міндетті.

Лауазымдық жұмыс сипаттамасын оқып, екінші данасын алдым

Батпирхан Б.С.

